

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

**№ 4 (2020)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области  
лингвистики и языкознания

**Подписной индекс – 76132**

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/QMNT9455>

## **Д. Ысқақұлы**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

## **АБАЙДЫ АБАЙЛАЙЫҚ**

*Мақалада қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың шығармашылығы, жеке басы хақында айтылған кейбір келеңсіз пікірлердің негізсіз екендігі сөз болады. Осы ретте «Абай» деген ақын мүлдем болмаған, «Абай» деп жүргеніміз – Әлихан Бөкейханов, «Абай» – шын адамның аты емес, гетероним, Абай – отызыншы жылдары қолдан жасалынған ақын» деген сияқты пікірлердің шындыққа жанаспайтындығы ақынның шығармашылығы отызыншы жылдарға дейін-ақ қаншалықты қиындықтардан өтіп, таныла түскендігі дәлелденіледі.*

*Кілтті сөздер: Абай, Әлихан Бөкейханов, гетероним, ұлы ақын, жиырмасыншы жылдар, әдеби сын.*

### **Кіріспе**

Үстіміздегі жылы елімізде аталып өтіп жатқан қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы рухани өміріміздегі елеулі оқиғаға айналуда. Ақынның өмір жолы, шығармашылығы жайлы жан-жақты зерттеулер жасалынып, абайтану ілімі тың деректермен, қызғылықты байқаулармен толығуда. Қазақ өмірімен өріліп ХІХ ғасырда айтылған терең ойлар ХХІ ғасырда да өміршендігін жоғалтпай, дала данышпаны ұлт тіршілігінің жасампаздық жолдарын көрсетіп тұратын жарық жұлдызына айналып жатыр.

Десек те, ұлт ақыны Абай туралы әртүрлі пікірлер күні бүгінге дейін де айтылып келеді. Сондағы олардың айтатыны Абай орысшыл болды; ұлт-азаттық күреске шақырмады; қазақты жек көрді; т. б. Қызды-қыздымен қазақтың Абай атты ақыны өмірде болмаған, ол кеңес өкіметінің саяси мақсаттарымен отызыншы жылдары қолдан жасалынған ақын; біздің Абай деп жүргеніміз Әлихан Бөкейханов деген сияқты тіпті, ақылға сия бермейтін пікірлер де айтыла бастады.

**Зерттеу нысаны:** Мақалада Абайға күмән келтіріп, айтылып жатқан көп пікірлердің ішінде соңғы кездерде көрінген З. Батаеваның Абай деген ақын өмірде болмаған, Абай деп, жүргеніміз – Әлихан Бөкейханов

деген сияқты пікірінің негізсіз екендігін абайтанудың алғашқы кезеңі өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары ақын туралы пікірталас айтыс материалдарына сүйене отырып, дәлелдейді.

**Зерттеудің пәні:** Абайтану.

**Мақсаты:** Абай деген ақын өмірде болмаған, ол Әлихан Бөкейхановтың шығармашылығынан отызыншы жылдары қолдан жасалынған ақын деген шындыққа жанаспайтын пікірді Абайтанудың алғашқы кезеңіндегі Абайға қатысты материалдар теріске шығарады.

**Міндеттер:**

– 3. Батаеваның Абайдың өмірде болғанына күмән келтіріп, оны Ә. Бөкейхановпен шатастырып, саяси мақсатпен қолдан жасалынған ақын деген пікірінің қисынсыз екендігін дәлелдеу;

– Абайдың ХХ ғасырдың басында-ақ ұлы ақын ретінде таныла бастағандығына назар аудару.

**Зерттеудің әдістері мен нәтижелері:**

Алдымен, қазақта Абайдай ұлы ақынның болғандығына күмән келтірген, оны Әлихан Бөкейхановпен шатастырған мына бір материалға назар аударайық: «Ал, Бөкейхановтың авторлығы әбден қисынды.

Біріншіден, Абай шығармашылығының дүниеге келуі мен Әлихан Бөкейхановтың жазушы болып қалыптасу кезеңі бір мезгілде, яғни, 1888-1902 жылдары орын алды.

Екіншіден, дәл осы кезеңде Әлихан Бөкейханов жазған мәтіндер мен Абай шығармашылығы арасында идеялық және стилистикалық тығыз байланыс бар.

Үшіншіден, Бөкейхановтың жастайынан русофил болғаны, орыс классиктерін сүйіп оқығаны, Гоголь мен Салтыков-Щедрин шығармаларымен 1889 жылдың өзінде-ақ таныс болғаны, әдеби аудармамен өте ерте айналыса бастағаны «Дала уалаяты» беттерінен айқын көрініп тұр.

Оған қоса, Бөкейхановтың орыс халықшылдарымен дос болғанын, әріптес болғанын, өте жақын араласқанын айғақтайтын жазбаша деректер өте көп. Яғни, бұл екі адамның бір адам болғанын растай алатын деректер баршылық. Оған қоса, Бөкейхановтың орыс тілінде өлең жазғанын растайтын деректер де бар көрінеді, яғни, бұларды әрқайсысы мұқият зерттеуді қажет ететін ғылыми мәселелер.

Әрине, 20 жыл бұрын ғана Шоқан Уәлиханов сынды ғалым пайда болған тарихи жағдайларда қос мәдениеттен нәр алып, қос тілде қатар жазған Әлихан Бөкейханов сынды ақын-жазушының Түркістанда емес, Қырда пайда болғаны заңдылық: патша үкіметі Түркістан мен Қырда екі түрлі саясат жүргізді. Қырдағы орыстандыру саясаты Бөкейхановтың орыс тілін өте жоғары деңгейге жеткізіп, ғылыми білімін жетілдіруге қажетті әлеуметтік

және тілдік жағдайларды қамтамасыз етті.

Бөкейхановтың орыс тілінде жазған очерктерінің бірі емес, бірнешеуін шеберлікпен жазылған көркем проза үлгілеріне жатқызуға болады. 1892 жылы алғаш рет орыс тілінде жарық көрген Еңлік-Кебек жайлы очерктің авторы Бөкейханов екеніне, мысалы, менің еш күмәнім жоқ. Дегенмен, стилметриялық сараптама жасау қажет және бұл дерек расталса, онда Бөкейханов бүкіл Орта Азия бойынша ең алғашқы екітілді ақын-жазушы болып шығуы ықтимал.

Соңғы онжылдықта өзбек жазушысы Хамид Исмаиловтың әлем аренасына шығуына байланысты ХХ ғасырда Орталық Азиядан неге бір де бір дарынды ақын-жазушы шықпады деген сұрақты бірнеше батыс маманы көтерді. Мамандар бұл құбылысқа себеп болған Сталиннің Ұлы терроры екенін алға тартты. Өзіміз білетіндей, Әлихан Бөкейханов, Абдулла Қадыри және Мағжан Жұмабаев сынды Орталық Азия әдебиетінің көрнекті өкілдерінің аты-жөні тарих бетінен, ұлт жадынан мүлдем өшіріліп, олардың еңбектерін режим қызметкерлері пайдаланып кетті. Шындық толығымен әлі айтылмай жатыр. Ең бір өкініштісі – кеңес заманының ықпалынан шыға алмай отырғанымыз қазақ мәдениетін шынайы зерттеуге кедергі жасап отыр» [1].

Әрине, автордың айтқан ойы мен оған келтірген пікірлерінің сын көтермейтіндігі көрініп тұр. Әртүрлі пікірлердің айтылуы демократиялық қоғамдағы дамудың негізгі шарты дегенімізбен де ұлтымыздың рухани символына айналған Абайға қарай топырақ шашып, оны өмірде болмаған деп, мүлде жоққа шығарып жатқан жағдайдың орын алуы – кімді де болса ойлантарлық жәйт. Рухани өміріміздегі мұндай келеңсіздіктерге тиісті тойғарыс беріліп те жатыр. Біз Зәуре Батаеваның Абай «отызыншы жылдары қолдан жасалынған ақын» [2] деген пікірінің негізсіз екендігін ақынның отызыншы жылдарға дейін жиырмасыншы жылдарда-ақ не бір «тар жол, тайғақ кешулерден» өтіп, таныла бастағанын дәлелдейтін фактілерді баяндау арқылы көрсетпекпіз.

Төңкерістен кейінгі жылдардағы қазақ әдеби сынындағы негізгі тақырыптардың бірі әдеби мұра болды. Өйткені, билік басына келген большевиктердің пролеткульт теориясы марксизм-ленинизм ілімінің таптық принципін басшылыққа алды да әдеби дамудың дәстүрлі сабақтастығын, жалғастығын жоққа шығарып, өткендегінің бәрін ескі, бізге керегі жоқ деп жариялады. Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жасаған, тірнектеп жүріп жинаған әдеби мұрасының барлығы ескірген, көнерген, ал жаңа заманның жаңа ұрпағы өз әдебиетін жаңадан жасауы керек делініп, басты міндет ретінде алға қойылды. Басқасын былай қойғанның өзінде ұлы Абайдың өзі феодализмнің ақыны деп танылды.

Ә. Бөкейхановтың 1905 жылы «Семипалатинские запискиде» жарық көрген қазанамасынан бастау алып, кейіннен К. Ысқақұлының,

А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың парасатты пайымдауларынан кейін Абай қазақ әдебиетіндегі өзіне лайықты орнын ала бастаған болатын. Ақындар Абайды жырға қосты. М. Жұмабаев 1912 жылдың өзінде-ақ «Алтын хакім Абайға» деп, жыр жырлады:

– Шын хакім, асыл сөзің – баға жетпес,  
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.  
Қарадан хакім болған сендей жанның  
Әлемнің құлағынан әні кетпес!...  
Тыныш ұйықта қабірінде, уайым жеме:  
«Қор болды қайран сөзім босқа!» – деме.  
Артында қазақтың жас балалары мен  
Сөзіңді көсем қылып жүрер жеңге! [3].

1918 жылы ақпан айынан бастап, Семей қаласында Ж. Аймауытовтың редакторлығымен «Абай» журналы шыға бастады. Журнал ақын Абайдың атымен аталды. «Абайдың» алғашқы саны «Журнал туралы» деген «Екеудің» беташар мақаласымен ашылды. Онда: «Сөз сыбырға, іс жыбырға айналды. Береке кетіп, азды, тозды. Сол кезде қалың надан, қара тұманды қақ жарып, тас жарып шыққан бұлақтай жарқ етіп Абай туды. Ақылды дана, рахымды әділ, шынға сусаған, қыңырды жөнге, қисықты тезге салмақ болған, бұзықтықпен алысып өткен Абай еді. Қазақтың әдебиетіне жөн берген: сөздің сыртын сырлап, ішін түрлеген, өлеңнен өрнек шығарған, ақындық, сыншылық бірдей дарыған Абай еді. Өнер тап, оқы, характер қыл, тәрбие ал, ынсапты, адал бол деп қақсап өткен Абай еді. Халықтың қамын же, адам баласын бауыр тұт, адамшылыққа қызмет ет деген Абай болатын, өмір жолында Абайдың айтпағаны аз. Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына қарағанда, Абай қазақтан шыққан философ (данышпан) екендігін айта келіп... кеменгердің атына арнап, журналымыздың атын «Абай» қойдық» – деп жазады. «Басқа жұрттың атақты білімдісінен Абай кем емес, білімдіні құрмет ете алмасaq – тоғышарлығымыз» [4] – деп, Абайды аса жоғары бағалайды.

«Екеу» Абайдың сыр-сипатымен таныстыра түскен: «Әдебиетімізге де негіз салған Абай, адамшылық, тәрбие, ғылым, өнеркәсіп деген сөздерді терең ойлап, тексерген де Абай. Қазақтың тұрмысын, өмірін, мінезін, айқын суреттеп, кемшілігін көрсеткен де Абай. Солай болған соң журналды Абайға арнадық, Абайды қай жерінен болсын ұстаз қылып, бетке ұстап, жастар шәкірт болып, соңынан жүруге талаптанғандығын көрсетеді... Еңбек қылған ер қадірін білу – ел борышы. Абайды құрметтеуге бүкіл қазақ, оның ішінде көңілі жетік оқығандар борышты. Абайды бетке ұстасақ, білгішке ергіш нысанамызды көрсетеміз – бір, адамдық борышымызды атқарамыз – екі». Мақалада Абайдың өлеңдері талданылмайды: оның халыққа, әдебиетке сіңірген еңбектері санамаланып, үлгі тұтылады. Мақаланың соңы

«мандайыма ұстаған ақын Абай – қазағым» деп, үмітпен шығарып отыр» деген жолдармен аяқталады.

Абайдың 1909 жылы Қазанда, 1922 жылы Қазанда және Тәшкенде басылып шыққан басылымдарын салыстыра отырып профессор Әбдірахман Сағди салмақты ойлар өрбітеді. Оның «Абай» атты көлемді зерттеу мақаласы «Ақжол» газетінің 1923 жылғы 6 нөмірінде жарық көрді. Ол ақын поэзиясын төмендегіше бағалаған:

«Абай – сыршыл (лирик) ақын. Оның өлендерінің бәрінде де қайғы бар, зар бар. Ол зарланады, ел мұңын зарланады. Өзінің білімді, сезімді болуы себепті ел үшін қайғырады»; «Абай қазақтың жалғыз ақыны ғана емес, ақындықтың үстіне Абай - қазақтың ояну дәуірін бастаушы ойлаушыларының ең біріншісі»; «Абайды бұл жолға жеткізген өзінің бақытсыздығы емес, бәлки Абайдың алдындағы елінің бақытсыздығы»; «Абай барлығы 5313 жол шамасында өлең жазған. Бұлардың ішінде орысшадан тәржіме қылғаны 1700 шамасында. Соңғыларын шығарып тастағанда, Абайдың нақ өз тарапынан шығарған өлеңі 3612 жол шамасында болады»; «Абай 1898 жылдан соң Аллаға жақындап, Алланы жақ етеді. Алла туралы көбірек ойлап, сол ретте халыққа Алла туралы пәлсапа сөздер сөйлеп, Алла туралы діни үгіттер үйретеді» [5].

Ә. Сағди Абайдың ақындығы туралы төмендегідей қорытындыларға келген:

1 Абай жиырма жылдық әдеби өмірінің басында «күштілік көрсетті», «соңғы жартысында әлсізденеді».

2 Өмірінің әуелгі жартысында оның өлендерінде табиғат пен тұрмыс мәселелері жырланса, соңына қарай діншілдік сипат алып, «идеализм деген пәлсапа жолына бұрып тұйықтайды».

3 Абай кітабында берілген суретінде қандай болса, «өлендерінде де сондай көрінеді». «Абайдың мандайында ойшылдық пен толқындаушылық бірлеседі. Бірақ кейіннен ойшылдық жеңіп кетеді».

4 «Абай өлендері халықшылдық, қазақшылдық рухымен шығарылған».

5 «Абай өлендерінде (әсіресе әдеби өмірінің соңғы жылында) шындық (реальность) күшті, хатта діни мәселелерге де шын ынтасымен қарайды».

6 Абай сопылық жолға түспеген. «Жалғыз-ақ Абайдың кемшілігі өмірі ақтығында дінге берілгендігі».

7 Абайдың кейбір өлендерінде пікір қайшылықтары да кездеседі.

8 Абайдың ешбір әдебиетке, адамға еліктегені білінбейді.

9 «Абайдың тілі хәм өлшеулері» атты шағын тарауда ақынның тіл кестесі әңгіме болған. «Абай тілінің кендігін, өткірлігін қазақ тілінің кендігі, өткірлігі деп қарау керек. Бұл тілдің байлығы, әдемілігі Абай өлендері арқылы ашық көрінеді».

Ә. Сағдидің «Абай» атты мақаласы ұлы ақынның поэзиясын ғылыми тұрғыдан танып білуге жасалған алғашқы қадамдардың бірі еді.

1922 жылы басылған Абайдың өлеңдер жинағына пікірлер көріне бастады. Соның бірі – І. Жансүгіровтің «Абай кітабы» атты Тәшкен басылымына жазылған рецензиясы. Онда С. Мұқановтың атақты «Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер» атты мақаласындағы Абай туралы айтқан теріс ойларына қарсылық бар [6].

Ал Сәбеннің бұл мақаласы А. Байтұрсыновтың елу жылдық мерейтойына байланысты жазылып, онда Ахметті Кенесары, Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты ескішіл бағытты қолдайтын, солардың жолын қуушы ұлтшыл деп айыптаған болатын. С. Мұқанов бұларды халыққа пайдасы жоқ адамдар санаған. Дей тұрғанмен, «Оның тілі майда, өткір екендігінде сөз жоқ. Өлеңнің іші-сыртын түгел қылып түсіндіреді» [7] – деп, ақындығын жоғары бағалайды.

Әрине, С. Мұқановтың әдебиет, оның өткені, Абай жайлы айтқан солақай пікірлері көзі ашық, әдебиет пен мәдениеттің маңында жүрген қазақ зиялыларын бейжай қалдырған жоқ. Айтысушылардың бір жағында Сәкен, Сәбит, Әбдірахмандар болды да, бұлар пролетарлық әдебиет бағытын насихаттап, өткеннің барлығының керегі жоқ, жаңа заманда бәрін соған сай етіп жаңадан жасаймыз деді. Ал айтыстың екінші жағында ұлтжанды азамат - алашшылдар болды. Олар қазақ әдебиетінің ұлттық дәстүрі жолымен дамуын қорғап, пролеткультшылдардың бағытына қарсы шықты. Бірсыпыра әдебиетшілер аралық позиция ұстады.

Бүкіл жиырманшы жылдары толассыз жүріп, отызыншы жылдардың орта шеніне шейін жалғасқан әдеби айтыстарда орталық мәселе Абай болды. Пролеткультшылдар Абайды өршелене қаралап, «тарихтың қокысына тастауға» әрекет жасаса, ұлтшылдар оны жанталаса қорғады. Өйткені қазақ ұлтының, мәдениеті мен әдебиетінің болашақ тағдыры қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, арман-мүддесін шынайы жырлаған Абай тағдырының шешілуімен байланысты болатын; Абайды жоққа шығару арқылы қазақ халқының ұлттық даму жолын жауып тастау негізгі мақсат-тұғын.

Алғашқылардың бірі болып С. Сәдуақасов үн қатты. Ол Сәбиттің әдебиет, оның өткені, әсіресе Абай жайлы пікірлеріне мүлдем қарсы шықты. Нені болса да турасын айтатын Смағұл «біреу Абайды күйдіріп, өртеп жіберу керек дейді екен. Себебі, Абай ескі, ол бұрын болған, бізге жаңа керек. Бұл сықылды пікірге жаңа пікірлі жастар қалай қарау керек? Бұл пікір сырттан қарағанда, рас, дұрыс емес. Біз ескіге қарсы болғанда, оның шын шіріген, ескірген жеріне қарсымыз. Осы күнгіні гүлдендірудің орнына бүлдіретін, шірітетін, ілгері басуға бөгет болатын жеріне қарсымыз» – деп, ойын күлтілдетпей ашық білдірді. Смағұлдың ойынша: «Біз өткен заман мен осы күнгінің арасын шорт кесіп тастамаймыз. Менен бұрынғының бәрі ескі, менікі ғана жаңа, сол жаңа өзіме жетеді, өзімді қанағаттандырады деп біз ешуақытта да айта алмаймыз».



«Қазіргі дәуір – іс дәуірінде» Смағұл өз ойын әрі қарай жалғастырып, Абайға қайта соғады: «...біз іске жарайтын ескіден жиренбейміз, біз оны өз керегімізге жаратамыз. Әлгі Абайға қайта келейін. Абайдың біз шәкіртіміз деп, әрине, айтпаймыз. Бірақ Абайдың сабақ болатын жері де бар. Абай – анық ақын. Абай – әдемі сөздің ұстасы. Абайдан біз әдемі сөзге үйренуіміз керек. Абай құр ғана ақын емес, ол бір белгілі заманның адамы, заманында болған кертартпалыққа, бұзақылыққа Абай қарсы болған. Оның сынаған, оның мінеген тұрмысы осы күні әрине, өзгереді, бірақ әлі өзгермеген, жетпеген жерлері де бар. Олай болса, осы күнгі кем-кетіктерімізбен күресу жолында Абайдың іске асатын сөздері әлі толып жатыр» [8] деп, Смағұл Абайды ашық қорғайды.

«Енбекші қазақ» газетінде Б. Кенжебайұлының «Абай» редакциялық «Абайдың өлеңдері туралы» мақалалары жарық көрді. Бұларда Абай поэзиясы жақсы жағынан бағаланған. Бейсенбай XIX ғасырдағы қазақ жазба әдебиетінің аса көрнекті өкілі А. Құнанбаевтың өмірінің көпшілігі бай-болыстарға, ұлықтарға қарсы әділеттілік жолындағы күресте өткендігін айта келіп, Абай «шын ақын ба, ақын болса, қандай? Ол кімнің ақыны, ұстанған жолы, көздеген бағыты қандай?» деген сауалдар төңірегінде әңгіме қозғайды.

Бейсенбай «Абай – өте ақын кісі, бұған өлеңдерінің суреттері, ұйқасымдары, ойына келгенді қиналмай толқытып, түйдектеп шығаратындығы дәлел. Осымен бірге Абай – сыршыл ақын» – деген негізгі ойды ақынның қазақ поэзиясына қосқан жаңалықтарын айта отырып дәлелдейді. Сөйтіп, «Абай қазақтың жазба әдебиетін бастады, соған негіз салды. Сондықтан, Абай – қазақ жазба әдебиетінің ағасы. Бұл орын Абайға үлкендік те, кішілік те қылмайды. Абай өлеңдерін қарап келіп шығаратын қорытындымыз: Абай – халық ақыны» [9] деген тұжырым жасаған.

М. Жұмабаев жасаған «Алқаның» бағдарламасында «Қазақ әдебиетінің алыбы Абай – қазақ даласына кеулеп кіріп келе жатқан капитализмге, отаршылдыққа халықтың қанды жас төгіп, еріксіз шалған бірінші құрбаны. Ел билеп, елге ақыл айтудан бастап өмірден үміт үзуге, тұңғыық ойға барып тірелген Абайдың өмірінің, ақындығының трагедиясы да тереңдігі осындай. Абайдың алыптығы – қыл көпірдің үстінде тұрғандығы, екі қолмен, екі үмітпен алысқандығы, сондықтан қазақ әдебиетінің ескі мағынасын, бұрынғы бағытын тереңдеткендігі, әдебиетке жаңа түр кіргізгендігі.

Абай жиын-тойдың ақыны болмағандықтан, әсіресе баспасөздің жоқтығынан, Абайдың әдебиеттегі бағыты, әсіресе түрі елге тарай алмайды. Сол дәуірде қазақ даласына капитализм кеулеп кіре береді. Әдебиетте бағыт та, түр де қалмайды. Әдебиет «ғизатлу, оқурметлу», «бісімлдә» деп басталатын сөздің басы сықылды былдыр-батпаққа айналды» [10].

Абай туралы Ж. Аймауытов «Мағжанның ақындығы» атты атакты мақаласында жол-жөнекей сөз қылады. Жүсіпбек Мағжанның ақындық

қырларын ашу мақсатында оны Абаймен салыстырады: «Өлеңнің тілге жеңіл, құлаққа жылы тиюін Абай да іздеген, Абай да сөздің ішін мәнерлі, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыспен сурет жасауға, сөздің сыртқы түрін әдемілеуге Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ. Өлеңнің сыртқы сұлулығына, дыбысына әуестеніп кеткендіктен кейде Мағжан өлеңдерінің ішкі маңызы кем болып шығады» [11]. Абай мен Мағжанды салыстыру арқылы екі ақынның өзіндік сыр-сипаттарын ашып көрсетеді. Абайда ой басымдығын, ал Мағжан өлеңдерінің сыртқы формасының барынша сұлу келетіндігін айту арқылы екеуінің де мықты жақтарын дөп басып айта білген: «ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп (школа) ашқан күшті ақын Мағжан екенінде дау жоқ. Абайдан соң өлең өлшеулерін түрлендірген тағы да Мағжан».

Абай поэзиясының өзіне лайықты бағасын алуға жиырмасыншы жылдары әдеби айтысқа белсене араласқан Қошке Кемеңгеровтің 1925 жылы шыққан «Қазақ тарихынан» атты кітабының төртінші бөлімінде осы мәселе бойынша парасатты ойлар айтты. «...Абай өлеңдері ерте жазылса да мезгілінде басылмағандықтан, жалпы қазаққа тиісті әсер бере алмады. Алғаш ұлт әдебиетіне өрнек берген, әлеумет тұрмысын толық тексерген, идеалға сілтеген Абай болды» [12], – деп бағалайды.

Абайдың ұлылығын мойындаған Қ. Кемеңгеровтің «Көркем әдебиет туралы» мақаласы «Қандай ұйым болса да оның негізі – көркем әдебиетті гүлдендіру болу керек. «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын дегенде» Абай, мазмұнды алтын деп, түрді күміс деп отыр. Абай пәлсекеш болғандықтан мазмұнға артық баға беріп отыр. Пікірі жағынан мазмұны алтын болса, сұлулық жағынан түрі де алтын болу керек дегенді ұран қылу» – деген сөйлемдермен аяқталған.

Әдебиет туралы айтысқа қатысып, С. Сәдуақасов Абай туралы бірнеше жерінде оңды пікірлер айтты. Ол «Сондықтан, біз ескі мұрадан жерімейміз. Ескі мұраның жарайтынын аламыз, жарамайтыны қалады. Абай да – ескі мұра. Бірақ Абайдан қалған мұраның көбі әлі ескірген жоқ. Әлі де қазақ ақындары Абайдан шеберлікке үйренуі керек... Абайдың жазғандарының көбі қазақтың жаңа жұртшылығының алдында әлі ескірген жоқ... біз Абайдың «Болысын» қалай ескіртеміз... Олай болса, ол аурулармен, ол кемшіліктермен күресу жолында Абайдың жазғанын неге пайдаланбаймыз?» [13], – деген тұжырымдар жасайды.

Жиырмасыншы жылдардағы пролеткультшылдық саясат тұрғысынан Абай көп теперіш көрді. Хамза Жүсіпбековтің «Әдебиет тексеру ережелері. Әдебиетті Маркс, Ленин жолдарымен сынаудың негіздері» атты мақаласында Х. Жүсіпбеков Абайды былайша сынайды: «Ескі әдебиетті алғанда, Абайды алсақ, мазмұн жағынан бізге пайдасынан зияны көп. Бірақ түр жағынан үлкен пайдасы бар, біз Абайдың өлеңін сынасақ, Абайды қазақ ел бол, партияны қой,

өнер тап, еңбек қыл дегеннің мәнісі не, оны неге айтып отыр, соларын тексеру керек. Абайдың заманы – қазақ елінің ақсақалдық дәуірі. Қазақтың мәдениет үшін оралғы болған байлардың дәуірі, өшіп келе жатқан дәуірі». Сөйтіп, Абайды сынаудың дайын қалыбына салып жібергенде, ол ескішіл, кертартпа болып шыға келеді. Тек Абай ғана емес, осы стандартпен келіп, төңкеріске дейінгі қазақ әдебиетінің барлығы дерлік байшыл, зиянды, халыққа жат саналды.

Ілияс Қабыловтың бірнеше қазақша, орысша жазылған көлемді мақалаларында Абай бастан-аяқ қараланды. Автор Абайдың философиясын дінмен ұласқан буржуазиялық идеалистік философияның қазақ даласындағы көрінісі деп бағалап, партия ұйымдарының жуық арада міндеттерінің бірі буржуазияның қалдығы ретінде Абай ілімін, оның жақтастарын талқандауды алға қойды [14].

І. Қабыловтың орысша жазылған осы мақаласына қарсы Ы. Мұстамбаев «Ақын Абай және оның философиясы» атты мақаласын орысша жазды. Ыдырыс та марксизм-ленинизм іліміне сүйене отырып, Ілиястың пікірлерін жоққа шығарады. Абай қазақ әдебиетінің негізін салушы деген өз пікірін қорғап шыққан [15].

Ы. Мұстамбаев Абайдың ақындық тағдырына осындай қауіп төніп тұрғанда, оны қорғау үшін барын салды. Ыдырыстың Абай туралы пікірлерінің жиынтығы ретінде «Абай» атты көлемді мақаласын жазды.

«Әдебиет айтыстарымыздағы негізгі мәселенің бірі – ескіні тексеру» – деп бастаған Ыдырыс бірден оған «Жаңа ескіден құралады. ескіні құрастырып, қорытып, «кәрі» тарих жаңа шығарады» – деп жауап береді. «Абайдың құлағын қаншама шулатсақ» та оның кім екенін, артық-кем жері қайсы, пайдалысы қандай, осы мәселелер төңірегінде әңгіме қозғайды. «Әрине, бұл күнде Марксті, Плехановты, Ленинді түн ұйқысында, Абай заманындағы құранның орнына, басына жастап жатып жүрген жастар Абайдың сөзіне тоймайды, онан іздегенін таба алмайды» [16] – дегенінде ұраншыл заманның ащы шындығы жатыр.

Ыдырыс Абайдың өлеңдерін талдай келіп, «Әрине, Абайды түгелімен бүгінгі салт-сана ыңғайымен тексерсең, Абай артта қалды. Бірақ, «шу» дегенде, құлағың тосаңсиды, өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей» – деп, ақынның өзі айтқандай, заманына, ортасына Абайдың өлеңдерінің бәрі – бұрын көрмеген, естімеген таңсық сөз, жылтыраған маржандай көрнекті зат.

Қазақтың көбі-ақ өлең жазады. Абай секілді өлеңшілер қазақ ішінде бұрын да көп болған деушілер де бар. Бұған біз нана алмадық. Рас, өлеңшілер қазақ ішінде бұрын да болған, бірақ дәл Абайдай ақын таба алмайсың. Абайды және де жабайы қараөлеңшілерге тағы қоса алмайсың. Абайдың ақындық беті тым күшті» – деген негізгі ойларын білдірген.

Ыдырыс мақаласын «Абайдың сөздері, өлеңдері – зор мағыналы тарихи оқиға. Абай – заманына қарай сөзсіз ірі ақын. Абайдың кемшілігі де көп, бірақ оның заманын да, ортасын да еске алу керек. Заманына қарай, бұл күнгі еңбекші елдің жұртшылығы Абайды өзіне лайықты орнымен қадірлеу керек» (сонда) – деген жүрекжарды жолдармен аяқтаған.

Ұлтжанды азамат Ыдырыс Мұстамбаевтың «Абай» атты мақаласы жиырмасыншы жылдардығы әдеби мұраға көзқарас, Абайтану саласындағы елеулі еңбектің бірі болды. Голощекиннің Қазақстанда «Кіші Октябрь жасау» жоспары іске қосылып, саяси ахуалдың ушығуынан Абайды қаралау барынша күшейіп, ресми сипат алып тұрған кезде Ыдырыстың ақынға араша түсіп, арнайы мақала жазуы – ұлтын, оның әдебиетін шын сүйген, парасатты адамның ғана қолынан келетін үлкен ерлік.

1930 жылы Мәскеуде жарық көрген «Әдеби энциклопедияда» Абайдың мұрасы әлеуметтік тұрғыдан түсіндіріледі. Ол қазақ буржуазиясының идеологы, ұлтшылдық бағыттағы қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, сондықтан да ол қазақ халқының өткен өмірін артық көріп аңсайды; өлеңдерінде марапаттайды, өмірге еніп жатқан жаңалық атаулыға қарсы күреседі. Абай негізін салған қазақтың буржуазиялық әдебиетін жалғастырушылар қатарында Байтұрсынов, Дулатов, Құдайбердиев, Қарашев, Жұмабаев, Дөнентаев, Мәжитов, Сейфуллин есімдері аталып, олардың шығармашылықтарының негізгі сарыны менмендік, ұлтшылдық, діншілдік деп сипаттаған [17].

### **Қорытынды**

Жиырмасыншы жылдардағы әдеби пікірталастар барысында Абайдың әдеби мұрасы жайлы бір-біріне кереғар екі пікір көрінді. Әдебиеттегі ұлттық бағытты ұстанып, Абайды қорғағандар әдебиет сахнасынан күшпен қуылып, ақыннан безгендер биліктің күшімен үстемдік алды. Қазақ әдебиетін Абайдан айыру деген сөз оны ұлттық даму арнасынан айыру деген болатын. Әдебиетті бағалаудағы таптық көзқарас бүкіл кеңестік дәуірдегі әдебиетімізге жетекшілік роль атқарып, оның ұлттық сыр-сипатына айтарлықтай нұқсан келтірді.

Ақын мұрасы хақындағы өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарында алғаш айтыла бастаған пікірлерді таратыңқырап айтып жатқандағы себебіміз – Әлихан Бөкейханов есімінің Абайға қатысты бірде бір жерде кездеспеуіне назар аудару. Егер де жағдай З. Батаева айтқандай, алаш көсемінің ақын поэзиясына қалай да бір қатысы болса, Абайды байшыл, ұлтшыл, ескішіл деп, өз пікірлерін дәлелдей түсу үшін сөз таппай, барынша ғайбаттап жатқан пролеткультшілдер мұндай жәйтті міндетті түрде пайдаланған болар еді. Осы жерде тағы да айтарымыз, Әлиханның есімі Абайға, немесе сол кездегі әдебиетке қатысты дау-дамайлардың бір де бір жерінде кездеспейтіндігін тағы да қадап айтамыз. Абайды қаралаушы автордың Әлихан мен Абайды бір адам деп келтірген дәлелдері мүлдем сын көтермейтіндігі көзі қарақты оқырманға

алыстан-ақ айқайлап тұр. Сондықтан да біз бұларға сөз шығындап, уақытты рәсуа етпегенді жөн көрдік. Шындығын айтқанда, қазақтың біртуар ұлы ақынына топырақ шашқан бұл мақаланы Абайтанудан онша хабары жоқ не болмаса, қазақ руханиятына деген пиғылы дұрыс емес адамның жазғаны көрініп тұр.

Рас, Абайтанудың басында Ә. Бөкейханов тұрып, қалғыған қазақ даласының бір түкпірінде ғұмыр кешіп, артына өлмес әдеби мұра, рухани құндылықтар қалдырған ақын қайтыс болғанда, ақынның ұлылығына алғаш назар аударып, қазанама жазып, мақалалар жариялап, кітабын шығарудың басы-қасында болып, жалпақ жаһанға жар салып, ұлттың рухани өмірінде тарихи рөл атқарды. Кейін алаш көсеміне айналған Ә. Бөкейхановтың алаштық идеяларының негізіне Абай жырларының идеялық бағыты өзек болды. Осылай болды екен деп, Абайды Ә. Бөкейханмен шағастыру ақылға сия бермейді.

Иә, өткен ғасыр басында-ақ «қазақтың бас ақыны», «қазақтың ұлы ақыны» деп, таныла бастаған ұлт ақыны Абай кеңестік кезеңде салтанат құрған таптық идеологияның сұрапыл шабуылынан да аман-есен өтіп, тәуелсіз Қазақстан дәуіріне де жетті. Енді қазақ бар жерде Абай да бар. Абай аңсаған, ашына жырлаған өміршең ойлар енді қазақтың қазақ болып, мәңгілік өмір сүру жолына қызмет етіп, жасай беретін болады.

### Пайдаланған деректер тізімі

1 **Батаева, З.** «Абай шығармалары Әлихан Бөкейхановтікі болуы мүмкін». «Стан.кз», 09.09.2020.

2 **Зауре Батаева.** Загадка Абая : величайший неизвестный поэт Казахстана. «Экспресс», 16.07.2020 б.

3 **Жұмабаев, М.** Шығармалары. – А., 1989.

4 Екеу. «Журнал туралы». «Абай», 1918, № 1.

5 **Сағди, Ә.** Абай. «Ақ жол», 1923. – № 335, 356, 359, 363, 369, 372.

6 **Жансүгіров, І.** Абай кітабы. «Тілші», 8.У.1923.

7 **Мұқанов, С.** Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер. «Еңбекші қазақ», 1.ІІІ.1923.

8 **Сәдуақасов, С.** Қазіргі дәуір – іс дәуірінде. «Лениншіл жас», 1925. – № 7.

9 **Кенжебайұлы, Б.** Абай. «Еңбекші қазақ». 28.29.VІІІ.1925.

10 **Қамзабекұлы, Д.** Руханият. Алматы, 1997. – 75.

11 **Жұмабаев, М.** Шығармалары. Алматы, 1989. – 416.

12 **Кемеңгерұлы, Қ.** Қазақ тарихынан // 1925. – 73.

13 **Сәдуақасов, С.** Әдебиет әңгімелері // «Еңбекші қазақ», 15–16.2.1927.

14 **Қабылов, І.** Қазақ ақыны Абайдың философиясы және оған сын // «Советская степь», 2.УІІІ.1928; Тағы да Абай және байшылдар туралы // «Еңбекші қазақ», 20. XІ. 1929.

15 **Мұстамбаев, Ы.** Ақын Абай и его философия» // «Советская степь», 22. VIII. 1928.

16 **Мұстамбаев, Ы.** Абай // «Жаңа әдебиет», 1928. – № 7–8.

17 Литературная энциклопедия. 1 том // Москва. – 1930.

18 **Абай.** Екі томдық шығармалары. 1 том // Алматы. 1977. – 456; 2 том // Алматы. 1977. – 316.

19 **Мырзахметұлы, М.** Абайтану. 1 том // Алматы, 2010. – 552; Абайтану. 2 том // Алматы, 2010. – 526.

## References

1 **Bataeva, Z.** «Abai shyǵarmalary Álihan Bókeihanovtiki bolýy múmkin». «Stan.kz». [Bataeva, Z. «Abay's works may belong to Alikhan Bukeikhanov». «Stan.KZ»]. – 09.09.2020.

2 **Zaýre Bataeva.** Zagadka Abaia: velichaishi neizvestnyi poet Kazakhstana. «Ekspres». [Zaure Batayeva. Abaya's plot: the greatest unknown poet of Kazakhstan. Express. ]. – P. 16.07.2020.

3 **Jumabaev, M.** Shyǵarmalary. A. [Works Of Zhumabayev, M. A.]. – 1989.

4 Ekeý. «Jýrnal týraly». «Abai». [Two. «About the magazine». «Abay»]. – 1918, No. 1..

5 **Saǵdi, Á.** Abai. «Aq jol». [Sagdi, A. Abay. «The White Road»]. – 1923, № 335, 356, 359, 363, 369, 372.

6 **Jansúgirov, Í.** Abai kitaby. «Tilshi». [Zhansugurov, I. The Book of Abay. «The Correspondent»]. – 8. U. 1923.

7 **Muqanov, S.** Qara taqtaǵa jazylp júrmender, sheshender. «Eńbekshi qazaq». [Mukanov, S. scribes on the blackboard, Chechens. «Enbekshi Kazakh»]. – 1. III. 1923.

8 **Sádyaqasov, S.** Qazirgi dáýir – is dáýirinde. «Leninshil jas». [Sadvakasov, S. modern era-in the era of business. «The Leninist age»]. – 1925. – No. 7.

9 **Kenjebaulý, B.** Abai. «Eńbekshi qazaq». [Kenzhebayuly, B. Abay. «Enbekshi Kazakh»]. – 28.29.VIII.1925.

10 **Qamzabekuly, D.** Rýhaniat. Almaty. [Kamzabekuly, D. Spirituality]. – Almaty, 1997. – 75.

11 **Jumabaev, M.** Shyǵarmalary. [Zhumabayev, M. Works Of]. – Almaty, 1989. – 416.

12 **Kemeńgeruly, Q.** Qazaq tarihy. [Kemengeruly, K. from the Kazakh history]. – 1925. – 73.

13 **Sádyaqasov, S.** Ádebiat ángimeleri. In «Eńbekshi qazaq». [Sadvakasov, S. literary stories. In «Enbekshi Kazakh»]. – 15-16.2.1927.

14 **Qabylov, Í.** Qazaq aqyny Abaidyń filosofiasy jáne oǵan syn. In

«Sovetskaia step», 2. ŪSH.1928; Taǵy da Abai jáne baishyldar týraly. «Eńbekshi qazaq». [Kabylov, I. philosophy and criticism of the Kazakh poet Abai. «Soviet Step», 2.USH.1928; again about Abay and the rich. «Enbekshi Kazak»]. – 20. XI. 1929.

15 **Mýstambaev, Y.** Akyn Abai ı ego filosofia». «Sovetskaia step». [Mustambayev, I. Akyn Abay and his philosophy. «Soviet step»]. – 22.three.1928.

16 **Mustambaev, Y.** Abai. «Jańa ádebiet». [Mustambayev, I. Abay. «New literature»]. – 1928. – No. 7–8.

17 Literatýrnaia ensiklopedia. 1 tom. [Literary encyclopedia]. – V. 1. – Moscow 1930.

18 **Abai.** Eki tomdyq shyǵarmalary. 1 tom. [Abay. Works in two volumes]. – Volume 1 // Almaty. 1977. – 456; 2 volumes // Almaty. 1977. – 316.

19 **Myrzahmetuly, M.** Abaitaný. 1 tom]. – Almaty, 2010. – 552; Abaitaný. 2 tom. – Almaty, 2010. – 526. [Myrzakhmetuly, M. Abaytanu]. – Volume 1. – Almaty, 2010. – 552; Abay studies. Volume 2. – Almaty, 2010. – P. 526.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

*Искакулы Д.*

### **Быть осторожным в отношении Абая**

Казахский национальный университет имени Ал-Фараби,  
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 10.12.20.

*Iskakuly D.*

### **«Caring for Abai»: response to criticism in Abai's defence**

al-Farabi Kazakh National University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 10.12.20.

*В статье речь идет о необоснованности некоторых критических взглядов в отношении творчества великого казахского поэта Абая Кунанбаева. Автор доказывает, что критические взгляды типа «Вообще не было такого человека, как Абай, все стихотворения Абая написал Алихан Букейханов, «Абай» не имя настоящего поэта – а гетероним» не имеют никакой научной основы. Несмотря на свирепство социально-вульгарной критики Советской власти, Абай уже до тридцатых годов признан великим казахским поэтом.*

*Ключевые слова: Абай, Алихан Букейханов, гетероним, великий поэт, двадцатые годы, литературная критика.*

*The work of the great Kazakh poet Abay Kunanbayev. The author proves that critical views such as «there was no such person as Abay, all Abay's poems were written by Alikhan Bukeikhanov, «Abai» is not the name of a real poet – but a heteronym» have no scientific basis. Despite the ferocity of social and vulgar criticism of the Soviet government, Abai was recognized as a great Kazakh poet until the thirties.*

*Keywords: Abai, Alikhan Bukeikhanov, heteronym, Great poet, twenties, literary criticism.*



Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz